

Газ - бұл
тиімді
2-бет



Жазушы жерлестеріміз
жайлы кино түсірілді
3-бет



Новоберезовканың
тұлпарлары
4-бет



АРАЙ

КАТОНҚАРАҒАЙ АУДАНЫНЫҢ ГАЗЕТІ

ГАЗЕТ 1933 ЖЫЛДЫҢ 10 ТАМЫЗЫНАН
ШЫҒА БАСТАДЫ

№ 31 (7915)
Жұма,
29 шілде 2016 жыл

Басылымға жауапты
«Арай» - «Луч» ЖШС



...Көгілдір түсті стелада ауданның мақтанышы – маралдың суреті салынған, оның көлемі әсем табиғат аясында алыстан көз тартады. Жаңадан қойылған қоршаудың арғы жағында өткен көктемде салынған Алтай шыршасының жас өскіндері жайқалып тұр. Жолаушылар үшін жол бойына ағаштан дем алатын орын жасалып, оның ішіне үстел орнатылған, қатарына ағаштан жасалған қалқада МҰТП туралы негізгі ақпараттар жазылған баннер ілінген.

СТЕЛА ОРНАТЫЛДЫ

Катонқарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің 15 жылдығын атап өту шаралары оның шекарасында «Катонқарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» деген жазуы бар стеланы орнатудан басталды.



Жолаушылар бұл жерге зор ықыласпен тоқтайды, бұл жерден өткен сайын, үнемі мұнда тоқтаған адамдар мен көліктерді көруге болады.

Ал, 20 шілде күні, стеланың ашылу құрметіне арналған салтанатты шарада бұл жерде адамдар ерекше көп болды. Ұлттық парк ұжымын кәсіпорын мерейтойымен және стеланың ашылуымен құттықтаған аудан әкімі Ахметқали Нұрғожин мен кәсіпорынның бас директоры Ерлан Мұстафин Катонқарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің 15-жылдығы ел Тәуелсіздігі мерейтойымен орайластырып атап өтілуде деді. Өйткені, МҰТП-ның құрылуы – осыдан 25 жыл бұрын Қазақстан Республикасының егемендік алуымен тұспа-тұс келген. Осы уақыт аралығында



ұлттық парк қызметкерлері көптеген жұмыстарды атқарды және алдағы уақытта да зор міндеттерді атқармақ.

Салтанатты жиында сөз сөйлегендер ұжымның еңбегіне, отбасыларына сәттіліктер тіледі.

Дәстүр бойынша, лента қиылған соң, дәл осы жерде – стеланың маңында көркемөнерпаздар ұжымының шағын концертті қойылды, мерекелік шараға қатысушылар мен қонақтар үшін дастархан жайылды, олар естелік суретке түсті.

Стеладағы барлық суреттер ұлттық парк қызметкерлерінің қолымен салынған, ал кіреберіске көпір мен алаңды асфальттауды Айбек Исабаев басқаратын «Шығыс жол» ШЖС-і атқарды. Бұл жұмыстар тегін, демеушілік көмек ретінде жүзеге асырылды.



Ұлттық парк мерейтойы

Катонқарағай ауылындағы Мәдениет үйінде өткен ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына және Катонқарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің 15 жылдығына арналған салтанатты шараға тек ұлттық парк қызметкерлері ғана емес, аумақтары ұлттық парк шекарасымен шектескен Қазақстан мен Ресейдің басқа да табиғатқорғау ұйымдарынан қонақтар келді.

Домбыра оркестрі ойнаған тамаша күй салтанатты жиынға қатысушылардың көңілін бірден көтерді. Сахна безендірілген, өңірдің әсем табиғатының суреті салынған және «Ел мен жер»

деген жазуы бар, ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығы логотипі, МҰТП эмблемасы бейнеленген баннер ілінген. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Әнұраны орындалды.

Мерейтой салтанатымен ұлттық парк қызметкерлерін аудан әкімі Ахметқали Нұрғожин құттықтап, мемлекеттік ұлттық парктің табиғатқорғау ісіне және ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан зор үлесін атай келе, ұлттық парк ұжымына Құрмет грамотасы мен бағалы сыйлықты табыс етті.

Өз баяндамасында ұлттық парктің бас директоры Ерлан Мұстафин

Катонқарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің құрылу тарихы, оның даму кезеңдері, атқарған және ағымдағы жұмыстары, кәсіпорын ұжымының алдыңғы кезекті міндеттері жайлы айтып өтті. Сондай-ақ, ол ұлттық парктің үздік қызметкерлері мен табиғат қорғау ісі бойынша МҰТП серіктестерін Құрмет грамоталарымен, Алғыс хаттармен және естелік сыйлықтармен марапаттады.

Кәсіпорын еңбеккерлерін мерейтойларымен ШҚО орман саласы еңбеккерлері кәсіподағы облыстық филиалының төрайымы Людмила Краева, орман және жануарлар әлемін қорғау бойынша облыстық аумақтық инспекция комитетінің бастығы Ерлан Упобаев, облыстық табиғат ресурстары мен табиғатпайдалануды реттеу басқармасының бастығы Мұрат Құсайынов, Катунь биосфералық қорық директоры Александр Затеев, облыс пен республика аумағындағы табиғатқорғау кәсіпорындары басшылары, сондай-ақ, серіктес ұйымдардың өкілдері құттықтады. Кәсіпорын ардагерлері атынан өз ұжымын Игорь Леонидович Месяцев және Петр Алексеевич Соколов

құттықтады.

Жергілікті «Айгөлек» балабақшасының тәрбиеленушілері мен ұстаздар «Жер ана» атты табиғат қорғау тақырыбына сахналық қойылым



көрсетті. Мерейтойлық шаралар спорт ойындарымен жалғасты...

Материалдарды даярлаған
Шамиль Багаутдинов.
Сурет автор мен Евгений
Брайконікі.





ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев экологиялық таза, двигатель ресурстарын арттыратын өнім ретінде автокөліктерді газбен жүретіндей етіп алмастыру қажет деп неше мәрте айтқан еді.

Оның үстіне газ бензинге қарағанда әлдеқайда арзан, тұтынушылардың қалтасы көтерерліктей.

20 шілде күні Үлкен Нарында тұңғыш газ құю станциясы ашылды. Оның иесі - жеке кәсіпкер Серік Айдабулин.

Бұл мәселеге Серік Шамранұлы тыңғылықты әзірленді. Барлық мүмкіндіктерді ескере отырып, ол Павлодар қаласындағы газбалон құралдарымен жабдықталған көліктерге қызмет көрсету және оны орнату бойынша Орал филиалында даярлықтан өтті.

Газ құю станциясының ашылу рәсіміне аудан әкімі Ахметқали Ахашұлы Нұрғожин қатысып, сөз сөйледі.

-Біз бүгін ауданда тұңғыш рет ашылып отырған газ құю станциясы - тағы да бір шағын және орта бизнес субъектісінің құрылғанына куә болып отырмыз. Бұл - кәсіпкер Серік Шамранұлы Айдабулиннің еңбегінің жемісі. Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев «Ұлт Жоспары - 100 нақты қадам» құжатында елімізде кәсіпкерліктің дамуына ерекше назар аударған.

Ауданда сегіз жанар-жағар май құю стансалары жұмыс

Газ - бұл тиімді

істейді. Жол бойындағы сервисті дамыту үшін 80 млн. теңгенің бірқатар жобалары әзірленді. Газ құю станциясы осы жобалардың бірі. Бұл өзге кәсіпкерлер үшін үлгі болары сөзсіз, ал көлік иелері жанар-жағар майға кетіретін қаржыларын үнемдейтін болады, - деді әкім.

Сөз соңында аудан басшысы аудан үшін тиімді бастама көтерген Серік Айдабулинге ризашылығын білдіріп, оның отбасылық бизнесіне сәттіліктер тіледі.

Газ құю станциясынан өзге, ерлі-зайыпты Айдабулиндердің аудан орталығында «Сары Арқа» атты мейрамханалары, сондай-ақ ТҚК орталығы және азық-түлік пен қосалқы бөлшектер сата-тын екі дүкендері бар.

Сауданүктелері мен мейрамхананы Серіктің зайыбы - Шынарай басқарады. 2009 жылы құрылған «Айдабулин» ЖК-де барлығы тұрақты түрде алты адам еңбек етеді. Оның ішінде жаңа газ құю станциясында екі жұмыс орны ашылған.

Газ құю станциясының пайда-

сы, аудан кәсіпкерлеріне басқа да жаңа істермен батыл түрде айналысу қажеттігі туралы митингте сөз сөйлеген «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Гүлбаршын Мүсілімханқызы Ағажаева, Айдабулиндер отбасының досы Новосібір қаласынан келген Анатолий Чепурной, Белқарағай ауылдық округінің әкімі Дәурен Қалибеков С. Айдабулиннің ісіне сәттіліктер



Алғашқы клиенттер - алматылықтар (ортада Серік Айдабулин)

тіледі.

Серік Шамранұлының зайыбы Шынарай Айдабулина өз сөзінде мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевқа, облыс және аудан басшылығына шағын және орта



бизнесі дамытуға бағытталған тұрақты қолдауларына ризашылығын білдірді.

-Мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асырмайынша, бізге - кәсіпкерлерге мынадай бәсекелестік заманда өте қиын болар еді, - деді ол.

Митинг аяқталып, лента қиылған соң, әдейі тапсырыс берілгендей, газ құю станциясының ашылғанын білген алматылық нөмірлі джип келіп тоқтады.

Оның иесі - оңтүстік астанадан келген Жұбат Шыныбаев деген жігіт екен.

-Оңтүстік және Батыс Қазақстанда газ құю стансалары әлдеқашан ашылған. Автокөлік иелерінің басым бөлігі мұның өте тиімді, экологиялық таза және арзан екендігін түсініп, өз көліктерін газбен жүретіндей етіп жабдықтап алған, - деді ол аудан әкімімен әңгіме ба-

рысында. Достарымен келген Жұбат Байбатырұлы жергілікті табиғаттың сұлулығына қайран қалды. Олар Ақмарал ауылында дем алып, Өрел, Берел, Шангелді өзені және Берел қорғандарының маңында болған екен.

Сондай-ақ, олар ауданда біртіндеп жол бойындағы сервистің дамып келе жатқандығын, жыл сайын шипажайларда демалушылар санының арта түскендігін байқағандықтарын атап өтті. Осы қолайлылықтардың бірі - жаңадан ашылған газ құю станциясы деді қонақтар.

Дәстүр бойынша, Серік Айдабулин АЗС-тің алғашқы клиентіне кәсіпорын есебінен газ құйды және аталмыш шараның жағымдылығын осылайша арттыра түсті.

Жомарт Жақыпов.
Сурет автордікі.

КАТОНҚАРАҒАЙДАҒЫ СПОРТ ОЙЫНДАРЫ



Катонқарағай МҰТП-нің «Ел мен Жер» атты Қазақстан Тәуелсіздігінің 25, аталмыш мекеменің құрылғанына 15 жыл толуы сияқты айшықты жылдарына арналған мерекелік мәдени-спорттық шаралар Катонқарағай ауылы жанындағы ипподромда жалғасты.

Келген мәртебелі меймандарға бәйге алаңының кіреберіс қақпасы алдында қаз-қатар тігілген бірнеше ақшаңқан киіз үйлерден дәм татқызылып, саудагерлер мереке иелері мен жанкүйерлерге сауда қызметтерін көрсетті.

Ұлттық ойындар, ат бәйгесі десе ішкен асын жерге қоятын қасиет қанында бар халық бұл күні де ауыл сыртына өте көп жиналды. Соған қарай, мерекені ұйымдастыру комитеті де көпшіліктің көңілдерінен шығатындай мәдени-спорттық шаралар бағдарламасын ұсына білді. Мәдени-спорттық шараның тақырыбы аясында ту көтерген қырықелу шақты салт аттылар көріністер көрсетіп, «Көк тудың желбірегені», «Атамекен» сияқты естіген адамды рухтандыратын патриоттық әндер шырқалды. Авиациямен орманды қорғау және орман шаруашылығына қызмет көрсету қазақ базасының бір тікұшағы аспанға көтеріліп, өздерінің іс-қимылдарын бейнелеп берді.

Ұлттық парктің Бас директоры Ерлан Мұстафиннің дала сахнасындағы мерекемен құттықтау сөзінен кейін ұлттық ойындар - аударыспақ, арқан тарту, қыз қуу, ат бәйгесі басталып кетті. Бірінші болып арғымақтары тақымында ойнаған, бойында намыс оты, күш-қайраты қайнаған атпал жігіттер аударыспаққа шығып

көрермендерге қызықты сәттерді сыйлады. Жетпіс бес келі салмақ дәрежесінде күш сынасқан Данияр Әбілбаев, Қайрат Абраимов, Қайрат Солтақанов, Абзал Манапов, Берік Мақсатов, Руслан Төшенов, Асхат Қайсановтар, тоқсан килограмға дейінгі және одан жоғары салмақта Қайрат Жақыпов, Бердібек Шәкіртов, Мақсат Аяғанов, Фархат Қайырбаев ат үстінде барлық айла-тәсілдерді қолданып бір-біріне қыранша шүйлікті. Аттың белі, ер жігіттің қақпан тақымы мен білегі сынға түскен бұл сайыста өз салмақ дәрежесі бойынша Руслан Ташенов, Қайнар Жақыпов, Фархат Қайырбаев жеңімпаз атанып, бағалы сыйлықтармен марапатталды. Арқан тартуда ұлттық парктің Берел филиалының командасына ешбір команда шақ келмеді. Екінші және үшінші орындарды Үлкен Нарын ауылындағы спорт мектебінің және Шыңғыстай филиалының спортшылары қанжығаларына бөктерді.

Қыз қуу ойыны да онда сынға түскен шабандоздардың «ат құлағында» ойнай білетіндігімен көрермендердің есінде қалды. Арттан қиу шықса, аспанға атылып тұрған астарындағы жүйріктердің

басына ие болып қана қоймай қарсыластарын шаң қаптырып кеткен Еркежан Шыныбаева, Ақгүл Көшенова, Нұрлы Қасымоваларды көргенде, техника заманы дүбірлеп тұрған жиырма бірінші ғасырда да ұлттық қасиеттерін жоғалтпаған Тұмар ханымның сіңлілерінің барына қуандық.

Ауыл халқы жүретін малын жайып, Ен далада бүгін той, бүгін сауық. Арғымағың кілт оқтап, Дала ана Бара жатқан сияқты кейін шауып. Алашына атымен әйгілі кім, Алып келген бәрі де сәйгүлігін. Тұлпарларға болмаса жер тарпыған, Жабыларға мұндай күн қайғылы күн

Ақтарылып ауылдың мият-нәрі, Аталады аруақтың жиі аттары. Құйқа-жерге Құйғытқан пырақтардың Қадалады шаншудай тұяқтары!

Аз ішінде сыншының ғайбаттары, Ақ көбік боп келеді бәйге аттары. Сабынданып Әлі де шайынбаған, Арулардай шетінен әйбәт бәрі!,- деп, ақын жырлағандай, кезек ат



бәйгесіне де келіп жетті. Бірінші болып жарыс жолына жорғалар жіберілді. Үш айналымнан тұратын 7,5 километр қашықтыққа шыққан жеті аттың ішінен алғашқы жүз метрде суырылып алға шыққан күрең жорға сол ағынынан таймай, көмбе сызығын бірінші болып кесіп өтті. Атты бұрыннан танытандар

көрген бетте: «О, мынау зыряндық Шапоров Николайдың жорғасы ғой. Бұл өлкеде дәл бүгін оған жетер жүйрік жоқ», - дескен. «Көріпкелдердің» сол айтқаны айнымай келді. Екінші орынға қызу таласта топқайыңдық Құрмет Ахметовтың «асығы алшысынан» түсті. Қалған жүз метрлік қашықтықта барын салып, құйрық тістескен өрнекті Қайрат Серкеновтың көкжорғасынан оның «Миллионы» озып кетті.

Бес километрлік қашықтықта жарысқа түскен он сегіз сәйгүліктің ағынының қаттылығы сондай, алғашқы бес жүз метрде бірнеше ат шаң қауып, бұрлығып қалды. Жарыс жолының жағдайын, атының шамасын білетін жергілікті әккі шабандоздар алға шығып алып, жүйрігін көп қысамай ұстап отырмақ еді, ойда жоқта қосылған белгісіз қарагер алдыңғыларды сәт сайын тықсыра берді. Алайда, өрге салса, төске озған шын жүйрікке жолдың еңісі мен өрі бірдей екен. Кілең аттың ішінде жалғыз шапқан Марқакөлден келген О. Ақшекеровтың «Роза» атты биесі көптің алдын орап кетті. Екінші-үшінші орындарды үлкенарындық А.Аяғанов пен И.Алдабергеновтардың жүйріктері еншіледі.

Көрермендердің тағатсыздана күткені - он бес километрлік қашықтықтағы бәйге болатын. Мәдени-спорттық ойындардың ең соңына қалдырылған бұл сайысты көпшілік қатарларын сұйылтпай тосып алды. Катонқарағайдың таза ауасымен еркін тыныстап, қара жерге болат тұяқтарын тіктеп қадаған жүйріктердің тайталасы әр айналым сайын қыза түсті. Екінші айналымның орта тұсынан төрт сәйгүлік алға шығып алып, жер апшысын қуырды. Соңғы айналымдарда олар арттағылардан бір-бір жарым километрдей ұзап кетті. Осы қашықтықта бақ та, бап та шапты деуге болады. Өрнекті Қайрат Серкеновтың жүйрігі топты жарып, осы күні иесіне екі жүзде өперді. Екінші орынды сәл басымдықпен Акишевтің, үшінші орынды екі-үш жылдан бері атбегілікке мойын бұрып, жүйрік баптап жүрген катондық Мұратбек Байбосыновтың сәйгүлігі жеңіп алды.

Катонқарағайдың қасиетті топырағында «тойдың болғанынан боладысы қызық болған», қалың көрерменін бір серпілтіп тастаған осындай үлкен бір мереке дүркіреп өтті.

Жәнібек Қызыр.
Суреттер автордікі.



«Жігітке жеті өнер де аз» демей ме? Заманымыз түлкі болған мына кезде қыздарымыз да бір емес, бірнеше мамандықты меңгеріп, тіршіліктің қамымен жүр. Солардың бірі- Жаңаүлгі мектебінің психологы Мergул Бейбітханқызы. Биыл екінші жаз ол жұбайы, кәсіпкер Қуат Сахимовқа серік болып, бие сауып, қымыз дайындаумен айналысуда.

ЕҢБЕК ДЕМАЛЫСЫНДА ҚЫМЫЗ ДАЙЫНДАП ЖҮР

Қабағы да, қолы да ашық Мergул мен Қуаттың дәмі тіл үйірілтетін балдай тәтті қымызын алушылар да, іздеп келіп шөлдерін қандырушылар да көп. Ауылда туып, ауылда өскен, не жұмысқа болсын ыңғайы бар Мergул Талаптанова келушілерге екі аяғынан тік тұрып қызмет көрсетеді. Бүгінде ол 20 биені бір өзі бірнеше рет қолмен сауып, күніне 150 литр сусын өндіріп отыр.

- Өткен жылға дейін биелерімізді ауылдастарымызға беріп, қымыз өндірулеріне көмектесіп келгенбіз,-дейді М. Талаптанова.-Қымыз дайындау біздің де қолымыздан келеді екен. Жаз бетінде жолдасыма бір жаққа барып дем алғанды қойып, бұрылуға да уақыт жоқ. Мен де екі айлық каникулды босқа өткізім келмеді. Екеуара келісіп, қымыз дайындауды қолға алдық. Бұл бір жағы жұмыс, екінші жағынан жақсы табыс.

Өз істерін ашып, табыс көзін тапқан Қуат Сахимов пен Мergул Талаптанова Қиынжыра теліміндегі 49 жылға жалға алған жерлерінде жазда тұрып еңбек етуге, келушілерге мәдени қызмет көрсетуге қолайлы үйлер салып алуға бекінген. Құрылыс материалдарын сатып әкеліп, дайындап қойыпты. Әзірге олар киіз үйде тұрып, оның жанындағы сәнді жазғы үйде келген қонақтарын қабылдауда.

Осы жерде біз екі аяқты «Рейсер Пантера» мотоциклімен биылғы туристік сапарын Шығыс Қазақстан жерінде жалғастырып жүрген Нысан

Тимурды, тағы басқа да адамдарды жолықтырдық.

-Мен ұландықпын, нақтылап айтсам - Шымқораданмын,- дейді Тимур. -Алайда, осы уақытқа дейін біздің шығыста, еш жермен салыстыруға келмейтін мұндай сұлу да бай жер бар екенін білмеппін. «Рахман қайнарына» дейін барып, қайтып барамын. Ендігі бағытым - Марқа өңірі. Тарбағатай жайлауы арқылы да баруға болады екен. Бірақ, оның жолындағы өзендердегі көпірлерді су алып кетіпті. Сондықтан, Күршіммен айналуға тура келіп тұр. 2007 жылдан бері еңбек демалысында саяхатқа шығып еліміздің оңтүстік облыстарын түгелдей, Индияның бір штатын толық аралап қайтқан батыл жігітке бәріміз ақ жол тілеп, шығарып салдық. Үй иелері қазақи қонақжайлылықпен оған жолда ішуге қымыз құйып берді.

Мұндай саяхатшылар қымызды ауылға жиі соғады екен. Мergулдің айтуынша, бұдан бір күн бұрын осы арадан бір корейлік турист тілмәшімен шөл қандырып аттаныпты.

Жоғары білімді Қуат Сахимовта шаруа қожалығын дамытуға алғышарттардың барлығы жасалған. Екі жүз гектар жалға алған шабындық және жайылымдық жерлері, жаңа МТЗ-82 тракторы, қажет кезінде көмекке келетін туыстары мен достары, жыл сайын басы мен өнімділігі көбейіп отырған төрт түлік малдары, ең бастысы іске деген таудай талпынысы бар.

ЖАЗУШЫ ЖЕРЛЕСТЕРІМІЗ ЖАЙЛЫ КИНО ТҮСІРІЛДІ



«Қазақстан» РТРК АҚ шығармашылық тобы, яғни, құрамында танымал режиссер, ҚР Мәдениет қайраткері Исмаил Ботагөз Нұрмұхаметқызы, продюсері, ҚР Журналистер Одағының мүшесі, ақын Асылбек Жаңыл және телеоператор Ынтымақбайұлы Мұрат Катонқарағай өңірінде бір аптадай уақыт болып, «Жарқын бейне» бағдарламасы бойынша жұмыс істеді. Олар жазушы жерлестеріміз ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері Қалихан Ысқақов пен Халықаралық Алаш сыйлығының иегері Дидахмет Әшімхановтың туып-өскен жері, шыққан әулеті жайлы документальды кино түсіріп, қаламгерлердің туған-туысқандарымен, жақын достарымен, ел азаматтарымен кездесіп сұхбаттасты. Топқайың орта мектебінде Қалағана жерлестері қойған ескерткіш кеуде мүсінді, оған арналған мұражайды тамашалады. Шыңғыстай мектебінде болған кездерінде мектеп директоры Тотықұс Кәсенуәлиева қонақтарға мектептің келесі жылы толғайы отырған 110 жылдық тарихы жайлы әңгімеледі, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Гүлнар Қайсенова осы мектептің түлегі Дидахмет Әшімхановқа арналған сыныпты көрсетіп, ол туралы естелігін айтты.

Алматылық шығармашылық топ осы мектептегі Есімжомарт Кәсенуәлиев, Қабдрахман Дүзбаев, Зәбилә Алпысова, Сәкко Қашқынбаев сынды мектепке, ауылға еңбегі сіңген тұлғаларға арналған сыныптарды да аралап көріп, мектеп ұжымының жұмысына оң бағаларын берді. Олардың мектепті ұстаудағы, оқушыларға тәрбие берудегі бұл жұмыстарын өзгелерге насихаттауға тұрарлық деп бағалады. Бұдан кейін киногерлер «Берел» қорымында болып, онда еңбек етіп жатқан археолог-ғалым Зейнолла Самашевпен сұхбаттасып, «Келбет» бағдарламасымен жұмыс істеді.

Материалдарды даярлаған Жәнібек Қызыр. Суреттер автордікі.

Баршаға арналған тегін кәсіби-техникалық білім

«Мен 2017 жылдан бастап жаңа жоба – «Баршаға арналған тегін кәсіби-техникалық білім» бағдарламасы басталатынын жариялаймын. Яғни, мемлекет әрбір адамға алғашқы мамандық беруге міндеттеледі. Мектепті бітірген жас адамға келіп алғашқы мамандықты алу ғана қалады.» Н. Назарбаев, Мемлекет басшысының Қазақстан халқына жолдауы.

2015 жылғы 30 қаңтар.

Қазақстанда кәсіпорындарда жұмыс істейтін жаңа кадрларды даярлауға көп көңіл аударылады. ҚР Президентінің тапсырмаларын ескере отырып, «Баршаға арналған тегін кәсіби-техникалық білім» жобасын іске асыру аясында жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік білім беру тап-

сырысына ШҚО Білім басқармасы 2016-2017 оқу жылына 4666 орын бөлді, оның ішінде 3306 орын жұмыс біліктілігі бойынша, 1195 орын ауылдық колледждерде.

Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша 2016-2017 оқу жылына арналған орындар саны:

Оқу орнының атауы	Мемлекеттік тапсырыс бойынша 2016-2017 оқу жылына арналған орындар саны	Қабылдау комиссиясының байланыс телефондары
«Өскемен көпсалалы технологиялық колледжі» КММ	200	8(7232) 753-952, 753-892
«Өскемен құрылыс колледжі» КММ	175	8(7232) 752-942
«Өскемен қызмет көрсету саласының колледжі» КММ	195	8(7232) 221-144, 221-042
«Риддер көпсалалы колледжі» КММ	125	8(72336) 56-973
«Зырян технологиялық колледжі» КММ	105	8(72335) 71-001
«Индустриалды-технологиялық колледж» КММ	120	8(7222) 671-714, 671-716
«Серебрянск технологиялық колледжі» КММ	75	8(72337) 21-389, 22-268
«Күршім колледжі» КММ	75	8(72343) 21-654
«Жарма технологиялық колледжі» КММ	100	8(72345) 21-973
«Глубокое аграрлық колледжі» КММ	125	8(72331) 31-943, 31-953
«Шемонаиха колледжі» КММ	100	8(72332) 30-515
«Зайсан технологиялық колледжі» КММ	100	8(72340) 2-10-15
«Бесқарағай колледжі» КММ	70	8(72236) 91-103
«Самар аграрлық-техникалық колледжі» КММ	75	8(72333) 31-095
«Тарбағатай колледжі» КММ	75	8(72346) 21-569
«Катонқарағай аграрлық- техникалық колледжі» КММ	100	8(72341) 27-060, 21-970
«Үржар колледжі» КММ	100	8(72230) 36-065
«Абай колледжі» КММ	100	8 (72252) 91-823
«Зырян ауылшаруашылық колледжі» КММ	50	8(72335) 27-172, 56-000
«Бородулиха колледжі» КММ	50	8(72351) 32-332

Жаңа жоба – жаңа мүмкіндіктер

Жалпы білім беретін мектептің және кәсіби білім бағдарламаларының есебінен үздіксіз кәсіби білім бағдарламаларын іске асыру арқылы жұмысшы кадрларды және мамандарды дайындаудың сапасын арттыру мақсатында ШҚО білім басқармасы «Мектеп-Интернат-Колледж» жобасын бастады.

«Мектеп-Интернат-Колледж» тәжірибесінің негізгі идеясы жалпы білім мен орта кәсіби білімді қолдау интеграциясы есебінен үздіксіз кәсіби білім негізінде бірыңғай білім кеңістігін ұйымдастыру болып табылады.

ҚР Білім және ғылым министрлігі ШҚО Білім басқармасының облысқа тәжірибе алаңы мәртебесін беру туралы ұсынысын қолдады. Енді аталған жоба облыстың үш колледждерінің базасында іске асырылуды, бұл «Өскемен политехникалық колледжі» КМҚК («Иілгіш автоматты жолақтар», «Өнеркәсіптегі электромеханикалық құрылғылар» мамандықтары бойынша), «Гуманитарлық-техникалық колледж» НУ («Іс қағаздарын жүргізу және мұрағат», «Автомобиль жолдарына техникалық қызмет ету, жөндеу және пайдалану» мамандықтары бойынша) және «Күршім колледжі» КММ «Есеп және аудит», «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандықтары бойынша.

ШҚО Білім басқармасы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасымен бірлесіп, «Жол картасы-2020» бағдарламасы аясында 10 ресурстық орталықтар базасында қажетті жұмыс мамандықтары бойынша курстық дайындықтар өткізуде. 2016 жылдың мамыр айынан бастап, 236 адам қысқа мерзімді курстардан өтті, 14 жұмыс біліктілігі бойынша 28 топ оқыды.

КАЗТЕЛЕРАДИО

Қазақстанда цифрлық эфирлік телевидение арнапарын шифрпауға арналған шартты қолжетімділік жүйесі жоюына



Телерадио хабарларын тарату саласындағы Ұлттық оператор – «Қазтелерадио» АҚ еркін қолжетімді арналарға шартты қолжетімділік жүйесін (ары қарай – ШҚЖ) өшіру бойынша жұмыстар жүргізді. Жүйе бұрын цифрлық эфирлік телевизия сигналын кодтау мақсатында енгізілген болатын.

Бұл туралы ұлттық оператордың баспасөз-қызметі былай деп хабарлады:

– Бұл шешім Қазақстан Республикасы нарығын тиісті стандарттағы қабылдағыштардың барлық түрлеріне ашуға мүмкіндік береді, олардың бағасын төмендетеді. Әлбетте, қабылдағыштардың арзандауы отандық телеарналарды көруді бұрынғыдан да қолжетімді етпек. Сонымен қатар, енді қабылдағышыңызды белсендіру үшін Call-орталыққа хабарласудың қажеті жоқ. Бұл да цифрлық эфирлік хабар тарату желісіне қосылу үрдісін анағұрлым жеңілдетеді, – деп мәлімдеді «Қазтелерадио» АҚ Басқарма төрағасы Асқар Хайрушев.

- Бұған дейін ШҚЖ техникалық, есепке алу және сервистік мақсаттарда пайдалану үшін енгізілген болатын. Оның үстіне, цифрлық эфирлік телехабар тарату желісі тұтынушыларын есепке алу, халықтың әлеуметтік тұрғыдан әлсіз топтарына атаулы көмек көрсетуді қамтамасыз етіп, сигнал сапасын бақылауға, трансшекаралық хабар тарату мәселелерін оңтайлы шешуге мүмкіндік беретін. Алайда, қазіргі уақытта қабылдағыштардың құны мен желіге қосылудың жеңіл болуы одан да маңызды факторлар болып табылады, – деп түсіндірді компания өкілдері.

Естеріңізге сала кетсек, 2012 жылдың шілде айында Қазақстанда цифрлық эфирлік телевидение желісі алғаш рет Қазақстанның 5 қаласында іске қосылған болатын. 2013 жылы жобаны енгізудің екінші кезеңі аясында цифрлық эфирлік телевидение барлық облыс орталықтары мен Маңғыстау облысында толық жұмыс істей бастады.

Бүгінде «Қазтелерадио» АҚ 336 радиотелевидениелік стансаны іске қосты, соның нәтижесінде республика халқының 72% немесе 11,5 миллион адамды цифрлық эфирлік хабар таратумен қамтамасыз етілді. Аналогты желі 1220 радиотелевидениелік стансаның көмегімен жұмыс істеп тұр. Соңғы мәліметтер бойынша, «Қазтелерадио» АҚ-на қарасты «ОТАУ TV» жерсеріктік телевидение абоненттерінің саны 1 миллионнан, цифрлық эфирлік телевидение абоненттерінің саны 200 мыңнан асады.

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ АНЫҚТАМА:

«Қазтелерадио» акционерлік қоғамы – халықты эфирлік және жерсеріктік желілер арқылы телевидение және радиобахбар тарату бағдарламаларын қабылдаумен қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасының телерадио хабарларын тарату саласындағы Ұлттық операторы.

НОВОБЕРЕЗОВКАНЫҢ ТҰЛНАРЛАРЫ

Сәйгүліктері әйгілі ұжымшар

2010 жылғы мамыр айында Астана-Көкшетау автожолының бесінші шақырымында аңызға айналған Құлагерге ескерткіш ашылды. Салтанатты шараны аша отырып, монумент құрылысының ұйымдастырушысы, ҚР Ұлттық ат спорты түрлері федерациясының президенті, белгілі журналист, жазушы, Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданының тумасы Сәдібек Түгел осы жиынға арнайы шақырылған Бошай Кітапбаевтың Үлкен Нарын ауданында ұжымшар (колхоз) төрағасы болып жұмыс істеген жылдары ғажап сәйгүліктердің бірнеше буынын баптағанын, Қазақстандағы ең танымал атпаз азамат екенін атап айтты.

1956 жылдың басында Бошай Кітапбаев Үлкен Нарын ауданының Ворошилов атындағы ұжымшарын басқаруға келді. Оның құрамына Новоберезовка, Үштөбе, Майемер және Жарқала ауылдары енетін. 1958 жылы Ворошилов ұжымшарына таулы белдеуде орналасқан Огнево, Красная Поляна мен Ульяновка ауылдары қосылды. Шаруашылықтың атауы Ленин атындағы ұжымшарға ауыстырылды. Жетпісінші жылдардың ортасындағы бесжылдық тыныспен Бошай Кітапбаев осы ұжымшарда тоқсаныншы жылдарға дейін басқарма төрағасы болды.

1974 жылы Қазақстан Компартиясы облыстық комитетінің бірінші хатшысы А.К.Протозановтың бастамасымен

ауданда «Ульяновский» атты жаңа кеңшар (совхоз) құрылып, құрамына Новополяковка, Ульяновка, Огнево, Красная Поляна ауылдары берілді. Облыс жетекшісі өз шешімін шаруашылықтың басқарылуын арттырумен байланыстырды. Осы үдеден шыққан Ленин атындағы ұжымшар облыстағы ең ірі ауыл шаруашылығы кәсіпорынына, алып ұжымшарға айналды. Орталық мекені болған Новоберезовка ауылы тұрғындарының саны жағынан аудан орталығын ғана алдына жіберді. Бұл уақытта Бошай Кітапбаев Талдықорған облысында КПСС-тің XXII съезі атындағы ұжымшардың төрағасы болып жұмыс істеп жүрген еді.

1978 жылдың күзінде ол қайтадан Ленин атындағы колхозды басқаруға келді. Сексенінші жылдары бұл ұжымшарда көптеген сала бойынша дамыған кәсіпорындар болды. Астық, майлы және дәнді дақылдар, сондай-ақ қарақұмық пен картопқа арналған егістік алаңы 12 мың гектардан асты. Шабындыққа жарамды 5 мың гектар жер болды. Жайылымы 30 мың гектарды құрады. Отарында 27 мың бас қой, 6400 бас ірі қара, 2500 бас жылқы, омарта шаруашылығында 1 жарым мыңға жуық ара шелектері болды. Құрылыс саласы да қарқынмен дамыды. Шығыс Қазақстанның ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының бірде-бірі Ленин ұжымшарына тиесілі көлемдегідей өндірістік ағаштарды дайындай алған жоқ. Лениндіктердің жеке кірпіш зауыты жұмыс істеді. Бұл колхоздың өндірістік



нысандары мен көптеген тұрғын үйлерін өз күшімен тұрғызуына ықпал етті.

Осы кезеңде шаруашылықта етті және сүтті тұқымдас жабы жылқыларын өсіру үшін асыл тұқымды ферма құрылды. Колхоздың бұл бағыттағы жұмысына Қазақ КСР Ауылшаруашылығы министрлігінің жылқы шаруашылығы бөлімінің жетекшісі Борис Васильевич Бардин қолдау көрсетті. Ол Бошай Кітапбаевпен ұзақ жылдан бері аралас-құралас болған дос еді. Б.В.Бардин зооветеринарлық институтты бітіргеннен кейін, Жамбыл облысында Луговской жылқы зауытында басшы болып жұмыс істеді. Аталған жылқы зауытында атақты ақалтеке тұқымы Абсенттің туып-өскені

һәм жаратылғаны белгілі. Бұл – 1960 жылы Римде өткен Олимпиада ойындарында Сергей Филатовқа алтын медаль алып берген арғымақ.

Жылқы фермасындағы жоғары өндірістік көрсеткіштер үшін оның меңгерушісі Қауан Абдрахманов КСРО ауыл шаруашылығы жетістіктері көрмесінде I дәрежелі дипломмен марапатталды. Фермада 500-ге дейін асыл тұқымды жабы тұқымдас биелер бар еді. Ленин ұжымшарында негізінен ет және қымыз өндіру бағытындағы жылқы шаруашылығын дамытуға ден қойылса да, бәйгеге арналған жүйріктерді жарату тоқтаған жоқ.

Марат Кітапбаев.
(Жалғасы бар)

ТЕНДЕР!

«КАТОНҚАРАҒАЙ АУДАНЫНЫҢ ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚАРЖЫ БӨЛІМІ» ММ-СІ ШАҒЫН КӘСІПкерлік СУБЪЕКТІЛЕРІНІҢ МЕНШІГІНЕ МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ МЕНШІКТЕГІ ҚОЛДАНЫЛМАЙТЫН НЫСАНДАРДЫ КЕЙІННЕН ӨТЕУСІЗ БЕРУ ҚҰҚЫҒЫМЕН 1 ЖЫЛҒА СЕНІМгерлік БАСҚАРУҒА БЕРУ БОЙынША ТЕНДЕР ӨТКІЗЕДІ

Тендер 2016 жылдың 15 тамыз күні сағат 11.00-де Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесі 116 мекенжайы бойынша «Катонқарағай ауданының экономика және қаржы бөлімі» ММ-нде өтеді.

ТЕНДЕРГЕ ҰСЫНЫЛАДЫ:

№1 Лот. Пайдаланылмайтын екі қабатты, кірпіш, жалпы ауданы 792,6 ш. м., бұрынғы көппәтерлі үйдің ғимараты. Баланс ұстаушы – «Катонқарағай ауылдық округ әкімі аппараты» ММ-сі. Орналасқан жері: ШҚО, Катонқарағай ауданы, Катонқарағай ауылы, Бөкеев көшесі, 102. Нарықтық құны - 444 000 теңге. Кепілдік жарнаның сомасы – 66 600 теңге. Техникалық жағдайы қанағаттанарлықсыз.

№ 2 Лот. Пайдаланылмайтын екі қабатты, кірпіш, жалпы ауданы 792,6 ш. м., бұрынғы көппәтерлі үйдің ғимараты. Баланс ұстаушы – «Катонқарағай ауылдық округ әкімі аппараты» ММ-сі. Орналасқан жері: ШҚО, Катонқарағай ауданы, Катонқарағай ауылы, Бөкеев көшесі, 104. Нарықтық құны - 444 000 теңге. Бастапқы құны – 333 000 теңге. Кепілдік жарнаның сомасы – 66 600 теңге. Техникалық жағдайы қанағаттанарлықсыз.

№ 3 Лот. Пайдаланылмайтын екі қабатты, кірпіш, жалпы ауданы 792,6 ш. м., бұрынғы көппәтерлі үйдің ғимараты. Баланс ұстаушы – «Катонқарағай ауылдық округ әкімі аппараты» ММ-сі. Орналасқан жері: ШҚО, Катонқарағай ауданы, Катонқарағай ауылы, Бөкеев көшесі, 106. Нарықтық құны - 445 000 теңге. Бастапқы құны – 333 000 теңге. Кепілдік жарнаның сомасы – 66 750 теңге. Техникалық жағдайы қанағаттанарлықсыз.

Тендер шарттары:

Объектілер шағын кәсіпкерлік субъектілеріне:

№1 Лот қонақ үй кешенін;

Лот №2 сауданы ұйымдастыруды;

Лот №3 кеңсе құру үшін ғимараттарды қайта жаңартуға беріледі.

2. Объектіні мақсатқа сай пайдалану.

Нысан шағын кәсіпкерлік субъектілеріне келесідей талаптарға сай беріледі:

1. Объектіні мақсатқа сай пайдалану;

2. Санитарлық-эпидемиологиялық және өртке қарсы қызмет талаптарын сақтау;

3. Аталған нысанда қызметті ұйымдастыру бойынша бизнес-жоспардың болуы;

4. Жергілікті атқарушы органдардың сұрауы бойынша есеп, анықтама және тағы басқа құжаттар ұсыну үшін беріледі.

Жеңімпазды анықтау өлшемдері:

1. Бұрынғы көп пәтерлі тұрғын үй ғимараттарын толық қайта жарақтау жүргізу, су мен жылумен қамту, көріз, сантехника, электр жүйелерін орнату, ғимарат алдын жылыту және өрлеу, аумақты аббаттандыру, балалар алаңын орнату, қоршау орнату, ішкі өрлеу жұмыстарын, электротехникалық жұмыстар, жылу жолдарын қайта жарақтау, жылу орындарын монтаждау.

2. Бизнес-жоспарға сәйкес, жаңа жұмыс орындарын ашу.

3. Эпидемиологиялық және өрт сөндіруді қадағалау органдарымен келісу.

4. Сенімгерлік басқаруға берілген күннен бастап, 12

ай мерзім ішінде жобада белгіленген қонақ үй кешені, кеңсе, сауда объектісін ашу.

5. Сенімгерлік басқару кезеңінде коммуналдық төлемдерді төлеу, нысанды күзету, санитарлық және өрт қауіпсіздіктерін, аумақты аббаттандыру жұмыстарын жүргізуді қамтамасыз ету.

6. Салықтық міндеттерді уақтылы орындау.

7. Нысанның бағдарын 10 жыл бойы (кемінде) сақтау.

8. Салық төлеуші ретінде ауданда тіркеу есебінде тұру (бір ай ішінде).

Тендерге қатысушы ретінде тіркелу үшін шағын кәсіпкерлік субъектісі ұсынады:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшада белгіленген нысан бойынша тендерге қатысушы тендер жеңімпазы деп жарияланған жағдайда, оның жазбаша, ақпараттық хабарламада көрсетілген және тендерге қатысушының өзі ұсынған тендер талаптарында шарт жасасу міндеттемесін білдіретін мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқаруға беру жөніндегі тендерге қатысуға өтінімді;

2) басқа құжаттардан бөлек желімделген конвертте тендерге байланысты құжаттаманы қоса бере отырып, жазбаша түрде тендер шарттары бойынша ұсыныстарды;

3) тендер жарияланған күннен кейін берілген анықтаманы берген күннің алдындағы үш айдан астам созылатын тендерге қатысушы міндеттемелерінің барлық түрлері бойынша банк (банк филиалы) алдында мерзімі өткен берешектің жоқ екендігі туралы банктің (банк филиалының) қол қойылған және мөр басылған (электронды цифрлық қолтаңба) анықтамасының түпнұсқасы. Егер әлеуетті қатысушы екінші деңгейдегі бірнеше банктің немесе филиалдарының, сондай-ақ шетел банкінің клиенті болып табылған жағдайда, осындай банктің әрқайсысынан анықтама ұсынылады;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында міндетті аудит жүргізу белгіленген заңды тұлғалардың соңғы қаржы жылындағы аудиторлық есебін;

5) салыстырып тексеру үшін түпнұсқасын міндетті түрде ұсына отырып, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесін немесе көрсетілген құжаттың нотариат куәландырылған көшірмесін не заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманы;

6) жарғының нотариат куәландырылған көшірмесін немесе салыстырып тексеру үшін түпнұсқаны ұсына отырып, жарғы көшірмесін ұсынады. Шетелдік заңды тұлғалар құрылтай құжаттарын мемлекеттік және орыс тілдерінде нотариат куәландырылған аудармасымен ұсынады;

7) тендер жарияланған күннен кейін берілген, үш ай бұрын салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің жоқ екені туралы (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлеу мерзімі ұзартылған жағдайларды қоспағанда) тиісті салық органының қол қойылған және мөрі (электронды цифрлық қолтаңбасы) бар анықтамасының түпнұсқасын немесе электронды

көшірмесін;

8) мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқару құрылтайшысының депозиттік шотына кепілдік жарнаны аудару туралы төлем тапсырмасының немесе түбіртегінің (жеке тұлға үшін) түпнұсқасын;

9) тендерге әлеуетті қатысушы өкілінің, оның ішінде осы Қағидалардың 19-тармағына сәйкес кепілдік жарнаны енгізген өкілдің өкілеттіктерін куәландыратын құжатты (Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігін, шетелдік паспортты (шетелдіктер үшін) немесе уақытша жеке куәлікті ұсынған жағдайда жарамды);

10) әлеуетті қатысушының ақпараттық хабарламада көрсетілген сенімгерлік басқаруға қойылатын талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсынуы қажет.

Жеке тұлға болып табылатын тендерге әлеуетті қатысушы осы Қағидалардың 25-тармағының 1), 2), 8), 10) тармақшаларында көзделген құжаттарды, сондай-ақ:

1) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігін, шетелдік паспорттың (шетелдіктер үшін) немесе уақытша жеке куәліктің көшірмесін;

2) дара кәсіпкерді (бірлескен дара кәсіпкерлікті) мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесін (дара кәсіпкер үшін) ұсынады.

Кепілдік тендер ұйымдастырушысының есепшотына төленеді: ЖСК: KZ740705034591510001, БСК: KKMFKZ2A, банк атауы: ҚР ҚМ Жауапшылық комитеті КНП: Кбе: 12; төлем алушы: «ШҚО, Катонқарағай ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі; БСН: 060140010784 (банк қызметтері үшін төлемдер кепілдік жарнаның мөлшеріне кірмейді). Төлемнің белгіленуі –тендерге қатысу үшін кепілдік жарна.

Тендерге қатысушыға рұқсат етіледі:

1) Тендерге өзі немесе сенімхат негізінде өзінің сенімді өкілі арқылы қатысуға;

2) тендерге қойылған нысан, оны нақтылау туралы қосымша ақпараттарды тегін алуға;

3) Нысанды алдын-ала қарап шығуға;

4) Өзінің құқығы бұзылған жағдайда сотқа жүгінуге;

5) Тендердің өтуінен 3 күн бұрын комиссияға жазбаша хат беру арқылы тендерге берген тапсырысын қайтарып алуға.

Тендерге қатысушылардың бизнес-ұсыныс берген конвертері өздерінің қатысуымен ашылады. Комиссия шешімімен ұсыныстары ең үздік деп саналған және тендерлік құжаттаманың барлық талаптарына сай келетін қатысушы тендердің жеңімпазы болып танылады.

Тапсырыс хабарландыру ақпараты баспасөз беттеріне жарияланған күннен бастап 2016 жылдың 12 тамыз күні сағат 11.00-ге дейін Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесі 116 мекен-жайында қабилданады.

Қосымша ақпараттарды 8-72341-21675, 22309 телефондары арқылы алуға болады.



КОНКУРСКА!

Биылғы жылдың сәуір айында «Арай» - «Луч» газетінің алқасы Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі Төлеген Рахымжановтың атындағы жүлдеге байқау жариялаған еді. Бүгін міне, осы байқауға түскен өлеңдердің тағы бір топтамасын оқырмандар назарына ұсынып отырмыз.

Тәуелсіздік

Тәуелсіздігім...
Елдігімнің айғағы,
Еркіндігім кең даламдай бойдағы.
Орал, Алтай, Атыраудың арасын
Еркін халық «қазақ» атты жайлады.

Намысы мен адамдығы бойында,
Ата жолы, баба сөзі ойында.
Мен қуанам «қазақпын» деп тәуелсіз,
Мен қуанам қазағымның тойында.

Тереземіз өзге елмен теңеліп,
Жүрегіміз қуанышқа кенеліп.
Қазағымның қуанышты тойында
Қазақ жерін аралап бір келейік.

Астанам тұр ару сынды келбетті,
Сұлулығы даламды кең тербетті.
Астанамды ақының мен жазушың
Тілге тиек, жанға желеу жыр етті.

Шығысымда Катоным бар шырайлы,
Көрген жанға сол сәттен-ақ ұнайды.
«Жер жаннаты» аталып жүр бүгінде
Шынында да жер жаннаты сыңайлы.

Батысымда Оралым бар айбатты,
Мұнайшылар мекен еткен қайратты.
Оңтүстікте Алатау тұр - ұлы тау,
Етегінде әсем қала Алматы.

Қиындықты өткізген талай бастан,
Төлкегіне тағдырдың мойымастан,
Бодандықтың бұғауын бұзып шықты,
Торды бұзған біз дағы мез арыстан,
Қанды балақ аңшы оғы дарымастан.

**М. Кәсенов,
Новополяковка орта мектебінің мұғалімі.**

* * *

БҰЛ КҮНДЕРДІҢ ӨШПЕС ДАҢҚЫ

Жетпіс жыл Жеңіс таңы атқалы,
Тойлайды жұрт осы күнді мақтанып.
Аталар мен ағаларым жеңіске,
Қол жеткізген құрбан қылып жас жанын.

Бейбіт күнде бейбіт өмір сүреміз,
Ойнаймыз да, тойлаймыз да, күлеміз.
Жеңіс туын желбіреткен ел үшін,
Ағалардың ерлігі деп білеміз!

Қадірін біл бұл Жеңістің ағайын,
Шаттанайын, бүгін өлең жазайын.
Байтағымсың қазақ жерім - Отаным,
Жүрегіме сәуле құйған от әнім!

Ұланымыз азат орда жерімнің,
Тәуелсіздік арайы біз елімнің.
Жетпіс жыл өтті міне азатпын,
Шоқ жұлдызы жарқыраған көгімнің.

* * *

ҚАЗАҚ ТІЛІМ

Қазақ тілі – менің тілім ғажап тіл,
Қазақ болсаң өз тілінде сөйлей біл.
Әрбір ұлттың өз тілі мен діні бар,
Сақтай білсек, соны бүгін қыз бен ұл!

Қазақпын деп, өз тілімде мақтанам!
Өз тілімде сырымды да ақтарам!
Өлең айтып, өнерімді паш етіп,
Өз тілімде жыр жазамын, шаттанам!

Қазақ тілім – қасиетім ардағым,
Жүрегімде сақтау сені арнағым.
Сенің ғажап құдіретіңе бас иіп,
Өзіңе аппақ сезімімді арнадым.

Жатсам-тұрсам қазақ тілім сен деймін,
Сен барда мен алаулаймын, сөнбеймін.
Тілім менің – тіршілігім, тынысым,
Сенсіз бақыт бар дегенге сенбеймін.

Тілім менің Алатауым, мәртебем,
Сені сыйлау өмірімнің шарты екен.
Сен де менің бойымдағы арымсың,
Сені сүйіп, сені жырлар мәрт өрен.

**Айдын Таңнұр,
Новохайрузовка орта
мектебінің оқушысы.**



ТУҒАН ЖЕРГЕ

Біздің ауыл ерте көктеген жер,
Құт береkesі елімнің кетпеген жер.
Ұшырып ұясынан балапан қаз,
Ойласам көкейімнен кетпеген жер.

Биік тау Қарашоқы күн беткейлі,
Сарғайып басынан күн кетпейді.
Алыста жүрсем сағынып,
Көкейімнен бір кетпейді.

Ауылым Қарашоқы бөктерінде,
Қарағайлы қалың ағаш шеттерінде.
Күн нұрымен шуақ шашып,
Ақ қайың бүршік атар көктемінде.

Ауылым Қарашоқы бөктерінде,
Бір тұңғыық бақыт бар мекенімде.
Туып өскен бұл өңірді,
Жырға қосып кетемін де.

Туған ауыл Қарашоқы бөктерінде,
Еңбек етіп, талай тер төкпедің бе?
Алыста жүрген ағайын-қарындасар,
Келіп-кетіп жүріңдер көктемінде.



Биік тау Қарашоқы жеке дара,
Балқарағай самырсыны өзі пана.
Сұлулығы табиғаттың көз тартады,
Қарашоқы деп жырлаймын өзім ғана.

**ШАМОЙ ОТАРБАЕВ,
Берел ауылы.**

Таулар, таулар...

Ең бірінші дәл сендерге туар таң.
Асқақ тұрар сенің анау қыр арқаң.
Қыран ғана шыға алатын шыңына,
Таулар сенің биігіңді ұнатам.

Қатпары көп саусақтардай салалы.
Асқар шыңның бұлттар ғана қонағы.
Тау ауасы жанға шипа береді,
Таудың ғана суы мөлдір болады.

Асау бұлақ алқынып құлап жарлардан.
Тентек тебін, дүлей мінез долданған.

Тіршіліктің көзі болған суларда,
Өзен біткен бастау алған таулардан.

Асығамыз жаз жайлауға көшерде.
Біздің жұртқа, тауға ештеме жетер ме?
Жердің бәрі жазық қана болса егер,
Тіршіліктің бәрі тозып кетер ме?

Таудың халқы қарағайдай қайсарлы.
Таудың халқы тау мінезді, байсалды.
Бөлтірікті жазыққа әкеп бақсаң да,
Тауға қарап, тауды ғана аңсайды.

ТҮН СУРЕТІ

Күлкіші қыздай жұлдыздар жымың ететін.
Сыбызғы жел сызылтып күйін шертетін.
Ақ көйлек киіп билейді бұлттар аспанда,
Ару ай малтап көк теңізін кешетін.

Асқар тау бейне аспанға тартқан адырна.
Қарағай басы оқталған жебе сағымға.
Елгезек бұлақ жүгіріп жүр шабарман,
Хан болып отыр қаратас биік тағында.

Бесіктей баяу ырғатып, самал жел көлді тербейді.
Сырласып қамыс сыбырмен, толқындар тыным бермейді.
Бусанып көлдің бетінен серпіле шығар бір ғажап,
Аспанға созып қолдарын, булары биік өрлейді.

Қанды ауыз қасқыр қарақшы жортқан түн қатып.
Сақшысы түннің көр төбет жататын сақтық үн қатып.
Ажалдың сезіп иісін, құлағын тіктеп елеңдер,
Даланың сағым елігі кететін ары қыр асып.

Ауылдың шамы шоқтанып, жердегі жұлдыз секілді.
Мұржаның қышқыл түтіні сергітер бірден ұйқыңды.
Жылқышы жігіт қиқулап, жылқының қосып дүбірі,
Мазанды ұрлап бір демде, бұзады сосын шырқынды...



**Алмас Адақбекұлы.
Үлкен Нарын ауылы.**

ҚҰТ МЕКЕНІМ — ШЫҢҒЫСТАЙЫМ

Баурайында өр Алтайдың,
Тұрған мекен — Шыңғыстайым.
Туып сенде, есейдім де,
Кең өмірге қанат жайдым.

Шыңғыстайым — құт мекенім,
Сен деп қалам тербетемін.
Өзіңді ойлап сағынғанда,
«Ауылым» деп әндетемін.

Бала шақта кезген талай,
Сағындырар орман-тоғай.
Қымбат маған Көбен көлі,
Өзенің де Бұқтырмадай.

Әсем жота Үшкіртаудан,
Шаңғы теуіп сайран салғам.
Тау аясы «Көкбұзауда»,
Алғаш қолға шалғы алғам.

«Күркіреме», «Қызылқайың»,
Бұлақтарың мөлдір дәйім.
Дәмін татпай кете алмаймын,
Ауылға әр келген сайын.

Шықты өзіңнен аты дардай,
Ірі тұлға — Оралхандай.
Ауылсың сен — таланттарды,
Тудыруға жаралғандай.

Әбдікерім болыс салған,
Махмұттың ізі қалған.
Мектеп мәңгі естен кетпес,
Қаншама ұрпақ білім алған.

Жастық шағым жалындаған,
Өзіңде өткен мен бір балаң.
Тілеп өтем «мекен бол — деп —
Берекеден арылмаған!

**Талғат Қашқынбаев,
Өскемен қаласы.**

(Жалғасы. Басы газеттің өткен санында)

2016 жылға арналған жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын бюджеттік бағдарламалардың тізбесі

	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі
	003	Мемлекеттік тұрғын үй қорының сақталуын ұйымдастыру
	004	Азаматтардың жекелеген санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз ету
	012	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі
	015	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру
	018	Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру
	026	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі жылу жүйелерін қолдануды ұйымдастыру
	041	Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу және абаттандыру
466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі
	003	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау
	005	Коммуналдық шаруашылығын дамыту
	006	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту
123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты
	008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру
	009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету
	010	Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеу
	011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру
	014	Елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру
	027	Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу және абаттандыру
471		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі
	026	Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу
478		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі
	024	Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу
08		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік
478		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі
	001	Ақпаратты, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында жергілікті деңгейде мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары
	004	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру
	005	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер
	009	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау
	007	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі
	008	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту
	032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары
466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі

		008	Спорт объектілерін дамыту
	471		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі
		014	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу
		015	Өртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы
	454		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі
		015	Туристік қызметті реттеу
	493		Ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі
		004	Туристік қызметті реттеу
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары
	473		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі
		001	Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары
		007	Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру
		009	Жануарлардың энзоотиялық аурулары бойынша ветеринариялық іс-шараларды жүргізу
		010	Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу
		011	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу
		047	Жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қоймай залалсыздандырылған (зарарсыздандырылған) және қайта өңделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу
	462		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы бөлімі
		001	Жергілікте деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер
	463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі
		099	Мамандардың әлеуметтік көмек көрсетуі жөніндегі шараларды іске асыру
11			Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі
	466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі
		001	Құрылыс, облыс қалаларының, аудандарының және елді мекендерінің сәулеттік бейнесін жақсарту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) аумағын оңтайла және тиімді қала құрылыстық игеруді қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер
		015	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары
12			Көлік және коммуникация
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты
		013	Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету

	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі
	023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету
	024	Кентішілік (қалаішілік), қала маңындағы ауданішілік қоғамдық жолаушылар тасымалдарын ұйымдастыру
13		Басқалар
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты
	040	«Өңірлерді дамыту» Бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру
	459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі
	012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві
14		Борышқа қызмет көрсету
	459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі
	021	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету
15		Трансферттер
	459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі
	006	Нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару
	051	Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына берілетін трансферттер
		III. Таза бюджеттік кредиттеу
		Бюджеттік кредиттер
10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары
	459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі
	018	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға берілетін бюджеттік кредиттер
5		Бюджеттік кредиттерді өтеу
	01	Бюджеттік кредиттерді өтеу
	1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу
		IV. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо
		Қаржы активтерін сатып алу
		Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер
		V. Бюджет тапшылығы (профициті)
		VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)
7		Қарыздар түсімдері
	01	Мемлекеттік ішкі қарыздар
	2	Қарыз алу келісім-шарттары
16		Қарыздарды өтеу
	459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі
	005	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу
8		Бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары
	01	Бюджет қаражаты қалдықтары
	1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары

Катонқарағай аудандық мәслихатының 2016 жылғы 17 маусымдағы № 3/25-VI шешіміне 5 қосымша
Катонқарағай аудандық мәслихатының 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 35/274-V шешіміне 5 қосымша

2016 жылға арналған аудандық бюджетке Республикалық бюджеттен түскен нысаналы ағымдағы және даму

Функционалдық топ				Сомасы (мың теңге)
Бюджеттік бағдарламалардың өкімшісі				
Бағдарлама				
Атауы				
1	2	3	4	5
			II. Шығындар	1076340,0
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	64866,0
	112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	2140,0
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	2140,0
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) өкімінің аппараты	14532,0
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) өкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	14532,0
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ өкімінің аппараты	35404,0
		001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл, ауылдық округ өкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	35404,0
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	5012,0
		001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясаттың қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	5012,0
	454		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі	0,0

		001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті және ауыл шаруашылығын дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	0,0
	493		Ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі	1739,0
		001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті, өнеркәсіпті және туризмді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1739,0
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	2785,0
		001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	2785,0
	471		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі	3254,0
		001	Жергілікті деңгейде білім, дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	3254,0
02			Қорғаныс	328,0
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) өкімінің аппараты	328,0
		005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	328,0
04			Білім беру	850891,0
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ өкімінің аппараты	159132,0
		004	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	20434,0

	041	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	138698,0
	471	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі	691759,0
	004	Жалпы білім беру	597083,0
	005	Балалар мен жасөспірімдерге қосымша білім беру	18237,0
	009	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	12442,0
	040	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	46031,0
	028	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	17966,0
06		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	59429,0
	451	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	59429,0
	001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	5021,0
	007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	6816,0
	014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	20348,0
	025	Өрлеу жобасы бойынша келісілген қаржылай көмекті енгізу	17391,0

(Жалғасы 7-бетте)

■ Заң және біз

Медиацация - татуластыру үрдісі



22 шілде күні аудан активінің облыстық сот төрағасы Д.С. Әміров пен кездесуі болып өтті.

Кездесуде татуластыру үрдістері – оның ішінде медиацация жайлы айтылды.

Кездесу барысында Досжан Сарманқұлұлы медиацацияның негізгі қағидалары жайлы айтып,

жалпы республика, облыс және аудандар бойынша бұл үрдістің көрсеткіштерін мәлімдеді.

-Аталмыш заң 2011 жылы бекітілсе де, оның сотқа дейінгі және сот барысында қолдану көрсеткіштері төмен. Сондықтан, кәсіби және кәсіби емес медиаторлар мен ауылдық округтер әкімдері тұрғындар арасында түсінік жұмыстарын жүргізулері тиіс. Бір де бір дау-дамай сіздердің назарларыңыздан тыс қалмауы тиіс. Екі жақты дер кезінде татуластыру – соттарда күрделі істерді қараудың алдын алады. Тіпті, біздің ата-бабаларымыз бұл тәсілді орта ғасырларда қолданған. Билер жүргізген бітімгершілік келіссөздердің беделі мен ықпалы өте зор болған,- деді Д. Әміров.

Кездесу барысында кәсіби емес медиаторлар – аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы О. Тұрысбаев пен аудандық мәслихат депутаты Е. Кешілбаев өз тәжірибелерімен бөлісті.

Соңында Д.С. Әміров кездесуге қатысушылардың сауалдарына жауап берді.

Жомарт Жақыпов.
Сурет Е. Брайконікі.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ БОЙЫНША ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУ

2016 жылғы 18 шілдеден Шығыс Қазақстан облысында сыбайлас жемқорлық профилактикасы мәселелері бойынша қоғамдық қабылдау өз жұмысын бастайды.

Егер Сіз:

- сыбайлас жемқорлық құқық-бұзушылықтарымен;
- мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексінің талаптарын бұзушылықпен;
- Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасын бұзушылықтармен немесе сапасыз мемлекеттік қызмет көрсету;
- мемлекеттік қызметшілер немесе квазимемлекеттік сектор өкілдері тарапынан Сіздің

құқықтарыңызды бұзу немесе мүдделеріңізге нұқсан келтіру фактілерімен кездессеңіз, Сіз қоғамдық қабылдауға +7 705 542 84 90, +7 705 542 86 74 телефондары арқылы хабарласып немесе алдын-ала 8 7232 57-89-56 телефоны арқылы жазылып, жеке қабылдауға келіп, қоғамдық қабылдауда кеңес ала аласыз.

Қызметтер ақысыз негізде көрсетіледі. Қоғамдық қабылдаудың қызметі ҚР Мемлекеттік қызмет істері Министрлігінің ШҚО бойынша Департаментінің «ШҚО-ның аймақтарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы Стратегияны жүзеге асыру» тақырыбындағы «Азаматтық бақылау» мемлекеттік әлеуметтік жобасы аясында ұйымдастырылуда.

ПАЙДАЛЫ ПІКІР АЛМАСТЫ



Еліміздегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарының бірі ретінде айқындалған. Себебі, сыбайлас жемқорлық еліміздің әлеуметтік – экономикалық дамуына кері әсер ететін, елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыс екені анық.

Аталған дертпен күресу арқылы жемқорлықтың жолын кесу әрбір азаматтың парызы. Бұл бағытта Жамбыл орта мектебінде де жүйелі жұмыстар жүргізіліп келеді. Жуықта мектеп қызметкерлері арасында "Сыбайлас жемқорлықпен күрес-ортақ парызымыз" атты дөңгелек үстел өткізілді.

Мектепте жүргізіліп отырған жұмыстармен мектеп директоры Роза Ауғанбаева таныстыра келіп, арнайы стенділер және жәшік қойылып, оған байқалған іс-әрекеттер жайында жазып салу керектігі барлық ата-аналарға, мектеп қызметкерлеріне түсіндірілгендігіне тоқталды.

Алайда, жемқорлықпен күрес барысы күн сайын қарқын алып келеді дегенімізбен, жегі құртқа айналған осы бір қатерлі дерттен бойын аулақ ұстағысы келмейтіндердің қатары да уақыт өткен сайын көбейе түсуде. 1998 жылдың 2 шілдесінде Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңы қабылданып, онда сыбайлас жемқорлықпен күресу әрбір мемлекеттік органдар басшыларының, ел азаматтарының міндеті екендігі атап көрсетілді. Дөңгелек үстел барысында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығын алдын – алу туралы ұсыныстарды қарастырды. Осы іс-шараға қатысушылар пайдалы ақпараттар алып, бір-бірімен қызықты пікір алмасты. Алдын алу және түсіндіру жұмыстары нәтижесінде қызметкерлер тарапынан сыбайлас жемқорлық фактілеріне жол берілген жоқ. Алдағы уақытта да мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар басшылыққа алынып, жұмыс жасалынады.

Г. Тауданбекова,
Жамбыл орта мектебінің кәсіподақ ұйымының төрайымы.

(Соңы)

		050	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 - 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру	9853,0
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	38787,0
	478		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	37633,0
		001	Ақпаратты, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында жергілікті деңгейде мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	5136,0
		004	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	1511,0
		009	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	22951,0
		007	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	8035,0
454			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі	0,0

		015	Туристік қызметті реттеу	0,0
	493		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі	1154,0
		004	Туристік қызметті реттеу	1154,0
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	60063,0
	462		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы бөлімі	3179,0
		001	Жергілікте деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	3179,0
	463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	1938,0
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1938,0
	473		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі	16768,0

		001	Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	10161,0
		009	Жануарлардың энзоотиялық аурулары бойынша ветеринариялық іс-шараларды жүргізу	6607,0
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	38178,0
		018	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға берілетін бюджеттік кредиттер	38178,0
11			Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	1976,0
	466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	1976,0
		001	Құрылыс, облыс қалаларының, аудандарының және елді мекендерінің сәулеттік бейнесін жақсарту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) аумағын оңтайлау және тиімді қала құрылыстық игеруді қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	1976,0

Катонқарағай аудандық мәслихатының 2016 жылғы 17 маусымдағы № 3/25-VI шешіміне 6 қосымша
Катонқарағай аудандық мәслихатының 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 35/274-V шешіміне 6 қосымша

2016-2018 жылдарға арналған бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) іске асыруға бағытталған, бюджеттік бағдарламаларға бөлінген даму бюджеті бағдарламаларының тізбесі

Функционалдық топ				2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі				Сомасы (мың теңге)	Сомасы (мың теңге)	Сомасы (мың теңге)
Бағдарлама						
Атауы						
1	2	3	4	5	6	7
			II. Шығындар	42262,0	0,0	0,0
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	36662,0	0,0	0,0
	466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	36662,0	0,0	0,0
		003	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау	3765,0	0,0	0,0
			Үлкен Нарын ауылындағы 27 пәтерлі үйдің жобалық сметалық құжаттамасын рәсімдеуге	759,0	0,0	0,0
			7 екі пәтерлі жеке тұрғын үйлердің жобалық сметалық құжаттамасын рәсімдеуге	2500,0	0,0	0,0
			Үлкен Нарын ауылындағы 27-пәтерлі үйді салу мемлекеттік сараптаманың қорытындысын алуға	506,0	0,0	0,0

Катонқарағай аудандық мәслихатының 2016 жылғы 17 маусымдағы № 3/25-VI шешіміне 7 қосымша
Катонқарағай аудандық мәслихатының 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 35/274-V шешіміне 10 қосымша

Ауданның жергілікті атқарушы органдарының резервінен бөлінген қаражат

Функционалдық топ				2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі				Сомасы (мың теңге)	Сомасы (мың теңге)	Сомасы (мың теңге)
Бағдарлама						
Атауы						
1	2	3	4	5	6	8
			П. Шығындар	8500,0	10000,0	5000,0
13			Басқалар	8500,0	10000,0	5000,0
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	8500,0	10000,0	5000,0

		012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	8500,0	10000,0	5000,0
		100	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) аумағындағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға арналған ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының төтенше резерві	4472,0	10000,0	5000,0
		101	Шұғыл шығындарға арналған ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	4028,0	0,0	0,0

Катонқарағай аудандық мәслихатының депутаттары мен аудан тұрғындарының назарына!

Катонқарағай аудандық мәслихатының кезектен тыс IV сессиясы 2016 жылы 3 тамызда сағат 10.00-де Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесіндегі №102-ші үйде орналасқан Катонқарағай аудандық әкімдіктің ғимаратында өтеді. Депутаттарды тіркеу сағат 09.30-дан бастап жүргізіледі.

Сессияға ұсынылатын күн тәртібі:

1. Катонқарағай ауданының 2016-2018 жылдарға арналған бюджеті туралы»

Катонқарағай аудандық мәслихатының 2015 жылғы 23 желтоқсандағы №35/274-V шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

Ж.Д.Большманова – аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы.
2. Өртүрлі мәселелер.

Д. Бралинов,
Катонқарағай аудандық мәслихатының хатшысы.

Құрметті азаматтар!

Шығыс Қазақстан облысы прокуратура-лар органдары қызметкерлері тарапынан құқықбұзушылықтар, оның ішінде сыбайлас жемқорлық жайлы барлық деректер бойынша Сіздер облыстық прокуратураға жүгіне аласыз-дар.

Мекен-жайы: Өскемен қ-сы, Пермитин к-сі, 21 немесе 8(7232) 26-48-02 ішкі қауіпсіздік қызметінің сенім телефонына қоңырау шалуға болады.

Катонқарағай ауданының прокуратурасы.

«Нұр Отан» партиясының Катонқарағай аудандық филиалы 2016 жылдың 01 тамызы мен 01 қазаны аралығында «Үздік бастауыш партия ұйымы» атты «Нұр Отан» партиясы Республикалық байқауының 1 кезеңі өткізілетіндігін хабарлайды.

Анықтамалар бойынша 2-23-20 телефонына хабарласуға болады.

Роза Есенғозықызын мерейтойымен құттықтаймыз!




Сізді мерекелі де мерейлі 50 жасыңызбен құттықтаймыз! Балабақшаның жаңаланып, жаңаруы, оқу-тәрбие үрдісінің заманауи қалыптасуы жолында тынбай еңбек атқарудасыз. Сіз ұжым мүшелерін ізденімпаздыққа, іскерлікке, жаңалықтың жаршысы болуға баулыдыңыз. Ұжым мүшелерінің қайғысына да, қуанышына да ортақтаса отырып, әрдайым қасиымыздан табыла білдіңіз. Бүгінгідей мерейлі сәтте Сізге ақ ниетпен мықты денсаулық, қажымас күш-қайрат, ортаймас несібе-дәулет тілейміз. Еңбекте толағай табыстарға, мақсатта биік шыңдарға жете беріңіз, абырой-беделіңіз бен табыс-тартуларыңыз арта берсін. Әрдайым отбасыңыз аман, жүзіңіз жарқын, мерейіңіз үстем болсын!



Ізгі тілекпен: Катонқарағай ауылдық «Айгөлек» бөбекжай-балабақшасының ұжымы.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!



2016 жылдың 25 шілдесінен бастап Катонқарағай аудандық орталық ауруханасында **жоғары санатты хирург-проктолог** қабылдаулар жүргізеді. Кеңес береді. Созылмалы гемморойды отасыз емдейді.

АОА әкімшілігі.



Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі
Шығыс Қазақстан облысының Статистика департаменті Катонқарағай ауданының Статистика басқармасы

БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ №5 2016 жылғы «22» шілде
Статистикалық ақпараттарды өз жарияланымдарында (басылымдарында) пайдаланған жағдайда ҚР Статистика агенттігі ШҚО Статистика департаменті Катонқарағай ауданының статистика басқармасына сілтеме жасау міндетті.

ӨЛЕУМЕТТІК - ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУДЫҢ ҚЫСҚАША ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

2016 жылы маусым айында жұмыскерлерге есептелген орташа айлық жалақы 80 007 теңгені құрады, 2015 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда өсім 121,1 %.

2016 жылдың қаңтар- маусым айындағы негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 631,8 млн. теңгені құрады, өткен жылдың сәйкес кезеңінде негізгі капиталға 1 022,1 млн теңгенің инвестициялары тартылған .

2016 жылдың қаңтар- маусым айлары аралығында бөлшек саудада тауар айналымының көлемі 1 410,8 мың теңгені құрады, 2015 жылдың сәйкес кезеңіндегі тауар айналымының 101,2%.

Ағымдағы жылдың қаңтар- маусым айлары аралығында 1 219,7 млн.теңгенің тұтастай өнеркәсіп өнімдері өндірілді, оның ішінде өңдеу өнеркәсібінде өндірілген өнім 970,7 млн.теңгені құрады. Тамақ өнімдерін өндіру 584,6 млн. теңге, өткен жылдың сәйкес кезеңінде 742,4 млн теңгенің өнімі өндірілген.

2016 жылдың қаңтар-маусым айлары

аралығында ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің көлемі 5 465,5 млн теңгені құрады. Нақты көлем индексі өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 102 % .

Есепті мерзім аралығында 534 шаршы метр тұрғын үй қолданысқа берілді.

Ауданда қаңтар- маусым айлары аралығында 336,5 млн теңгенің құрылыс жұмыстары жүргізілді, бұл өткен жылдың салыстырмалы кезеңінде атқарылған құрылыс жұмыстарының 38,4 % құрайды.

2016 жылғы 1-маусымдағы жағдай бойынша тіркелген шағын бизнес кәсіпорындарының саны 138 бірлікті құрады, жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалар саны 96 бірлік, соның ішінде белсенді кәсіпорындар саны 84, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 94,8 % азайғаны байқалады.

Ерік Мамыров,
аудандық Статистика басқармасының басшысы.

ЕСКЕ АЛУЛАР

Үлкен Нарын ауылының тұрғыны, Өрел ауылының тумасы болған, 22 жыл бойы мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық мекеме ұжымын басқарған, ардақты әке, сүйікті жар, отбасының тірегі болған СМАҒҰЛОВ ЕРКІНБЕК МЫРЗАБЕКҰЛЫНЫҢ бақилық болғанына 10 жыл толуына орай, сағынышпен еске аламыз.

Үзілді қайран ғұмыр жалын жаста,
Өзіндей асыл адам табылмас та.
Орының шын ойсырап қалғаннан соң,

Шара жоқ, күрсінбеске, сағынбасқа.
Он жыл болды өткелі сен өмірден,
Бейнең бірақ өшкен емес көңілден.

Оқта-текте өзің жайлы сыр шертіп,
Көздің жасы еріксізден төгілген.
Ардақтым, жарық болсын жатқан жерің,

Ниетің ақ, пейіштен болсын төрің.
Аруағыңа бас иіп, қол жаямыз,
Басқа келер қайран жоқ, біздің қолдан...



2016 жылдың 13 тамызында «Сары Арқа» мейрамханасында сағат 12.00-де марқұм Еркінбек Мырзабекұлының аруағына құран бағышталып, ас беріледі. Асқа барлық ауылдастарымызды, достарымызды, марқұмның әріптестерін, туған-туысқандар мен құда-жекжаттарды шақырамыз.

Сондай-ақ, бұл күні Еркінбек Мырзабекұлын еске алу құрметіне теннистен турнир өткізілетін болады.

Сағынышпен еске алып, асқа шақырушылар: әкесі, зайыбы, балалары мен немерелері, туған-туысқандары.

Катонқарағай ауданының әкімі, аудандық мәслихат хатшысы аудан активі атынан Глубокое ауданының әкімі Қалиқан Байғозыұлы Байғоңұсовқа, аудандық мәслихат депутаты Арыстанбек Байғозыұлы Байғоңұсовқа, аудан әкімінің орынбасары Қалиқан Ділдар Қалиқанұлына, сондай-ақ, туған-туысқандарына әкелері және аталары

Байғазы Байғоңұсовтың

дүние салуына байланысты қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

Меншік иесі
«Шығыс Ақпарат»
ЖШС-і. Директоры
М.Ә.Белдекбаев

Катонқарағай ауданы бойынша «Шығыс Ақпарат» ЖШС-нің бөлімі «Арай» - «Луч» газеті Бас редактор Жомарт Жақыпов

Компьютерлік беттеу операторы:
Жайдары Нұрғазина
Газет нөмірі бойынша кезекші:
Нұрзада Исабаева

Телефондар:
Директор-редактор - 8(72-341) 2-90-60,
Тілшілер - 2-11-53, 2-19-79.
Бухгалтер - 2-19-96.
Компьютер цехы (факс) - 2-14-60.
Катондағы тілшілер қосыны - 2-13-71.
Мекен-жайы: 070900, Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесі, № 96 үй.
e-mail: arai-luch@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде тіркеліп, 04. 05. 2015 жылы № 15348-Г тіркеу туралы куәлік берілген. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазбалар өңделмейді және қайтарылмайды. W белгісі қойылған мақалалар жарнама ретінде жарияланады. Газет «Арай»- «Луч» компьютерлік цехында теріліп, беттелді.
Мекенжайы: 070900, Катонқарағай ауданы, Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесі, № 96 үй. Газет «Шығыс - Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды. Өскемен қаласы, Бажов көшесі, 12. Тел: 8 (723-2)75-15-38. Жарнамалар мен хабарландырулар мәтіндерінің дұрыстығы үшін редакция жауап бермейді.

Газет жұма күні қазақ және орыс тілдерінде шығады.
Офсетті басылым. Көлемі 2 баспа табақ. **Индексі: «Арай» 6 айға - 19313, 12 айға - 19351; «Луч» - 6 айға -19314 12 айға - 19352.** Нөмірдің таралымы - 2427 дана: «Арай»-1421, «Луч»-1006. № 7819

Катонқарағай ауылының тұрғыны, Топқайың ауылының тумасы болған отбасымыздың тірегі, ақылшысы, асқар таудай әкеміз ТОҚСАНБАЕВ ӘДІЛХАН МҰҒАЛІМҰЛЫН сағынышпен еске аламыз.

Ортамыздан кеттің әке, алыстап,
Анамызға бөрімізді табыстап.
Артыңызда қала бердік аһ ұрып,
Ауыр қайғы жанымызды жаныштап.

Ерте сөңдің қызық көрер шағында,
Биік еді арманың да, арың да.
Ешнәрсеге алаңдамай күн кештік,
Еркелетіп Сіз жүргенде жанымда.

Сол бір күндер қалғаны ма сағым боп,
Сағынышым жылдан-жылға қалың боп.
«Жазымыштан озымыш жоқ»дейді ғой,
Біз ізіңізді жалғаймыз өзіндей болып.



6-тамыз күні Катонқарағай мейрамханасында Әділхан Тоқсанбаевтың өмірден өткеніне бір жыл толуына орай құран бағышталып, ас беріледі. Соған барлық туған-туысқандарымызды, құда-жекжаттарымызды, достарымыз бен әріптестерімізді, ауылдастарымызды шақырамыз.

Еске алып асқа шақырушылар: Тоқсанбаевтар мен Мөлғажиндер әулеттері.

«Катонқарағай мәдениет және тұрғындар демалысы орталығы» КМҚК ұжымы аудандық Мәдениет үйінің әншісі

Отарчинова Мактагүл Құсманқызының

қайтыс болуына байланысты марқұмның балаларына, туған-туысқандарына қайғыла-рына ортақтасып көңіл айтады.